

Мемлекеттік мұқтажы үшін жер телімдерін алып қоюға байланысты жер телімдерін және (немесе) өзге жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 15 ақпандағы № 16/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 84,85,86, 87,88 бабтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 63 бабына сәйкес, "Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы" республикалық маңызы бар автомобиль жолындағы "Жезқазған-Қарағанды" учаскесіндегі қайта жаңарту жобасын іске асыру мақсатында Жаңаарқа ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қосымшаға сәйкес, жер телімдерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін 3 (үш) ай өткен соң мәжбүрлеп иеліктен шығару күнінің бастау күні болып белгіленсін.

3. "Жаңаарқа ауданының жер қатынастары бөлімі", "Жаңаарқа ауданының Бидайық ауылдық округі әкімінің аппараты", "Жаңаарқа ауданының Сейфуллин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңында қарастырылған осы қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жер пайдаланушыларға мемлекеттік мұқтажы үшін жер телімдері алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатыны туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

4. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін меншік иесі Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Тәуелсіздік даңғылы № 5/1 мекенжайдағы "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне хабарлассын.

5. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте осы қаулы шыққан уақыттан бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы қаулының әділет органдарында тіркелуін, ресми жариялануын қамтамасыз етсін және оның орындалуы бойынша қажетті басқа да шараларды қабылдасын.

6. "Жаңаарқа ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі барлық уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Әбдіғожинға жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ. Қожықасев
Жаңаарқа ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 15 ақпандағы
№ 16/01 қаулысына қосымша

№	Ж е р иеленушінің Т.А.Ә.	Кадастрлық №	Жер телімінің з а ң д ы мекен-жайы	Жер телімінің көлемі,га	Санаты
1	Оспанов Бауыржан Нажитович	25-104-014-277	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	7,1615	Жайылым
2	Бодыков Дюсенбай Жалғауович	25-104-014-269	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	12,4219	ТЖ жайылым*
3	Оспанов Бауыржан Нажитович	25-104-014-272	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	20,8892	ТЖ жайылым*
4	Култанов Темирхан Култанович	25-104-014-270	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	13,2833	Егістік
5	Рсалдин Ханислам Жумажанович	25-104-014-266	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	2,6727	ТЖ жайылым*
6	Жунусбеков Жубаныш Бейбитович	25-104-014-271	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	13,4135	Жайылым
7	Шагиров Меиржан Киякович	25-104-014-268	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	10,2508	ТЖ жайылым*
8	Тусупов Досым Кудайбергенови ч	25-104-014-267	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	6,8401	ТЖ жайылым*
9	Рсалдин Ханислам Жумажанович	25-104-014-273	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	44,1491	ТЖ жайылым*
10	Баязитова Шаис	25-104-014-265	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	65,4548	Жайылым- 42,1714
					ТЖ жайылым* - 23,2834
11	Рахимбергенов Балтабай	25-104-014-286	Жаңаарқа ауданы,Бидайық а.о.	49,9582	Жайылым- 18,8182
					ТЖ жайылым *- 31,1400
12	Куанышбеков Наурызбай	25-104-030-393	Жаңаарқа ауданы, Сейфуллин а.о.	11,3419	Жайылым
				257,837	

*ТЖ-түбінен жақсартылған

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК